

Бекітемін:



Тексерілді.

Тәрбие ісінің меңгерушісі

Ажибаева Ж.С.

## Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебінің б«Ә» сыныбының тәрбие жоспары

Сынып жетекшісі: Даулбаева А.Т

2023-2024 оқу жылы

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухиятты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға құқықтылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккерлікке баулу.

### Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға құқықтылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

## **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары;

### **Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

### Талап күндүлүгү:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жананы тануға құштар болу;
- Физикалык белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялык және цифрлык дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

### Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

### 6-10 жастағы бала тәрбиесі

#### Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнe психологиялык ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөз ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- Ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

### қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасал қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

### Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірім

- кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру; жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шыға кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсітік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театр музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістікті қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарын олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

### **Жастар тәрбиесі (15-18 жас)**

#### **Ұсынылады:**

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін кәдірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет ет қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негіздел тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
  - ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенді арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
  - ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отыр халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың қодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
  - отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
  - адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықта қолдау көрсету ұсынылады.
- Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**
- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухы тәрбиелеуге;
  - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілетті дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

#### **Кешенді жоспарды іске асыруда:**

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтың әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.**

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертифициатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары менокушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.**

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелер жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара қимылын үйлестіреді.

**Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңдыөкілдерге) арнал консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзараеректесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

**Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.**

**Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегстеу**

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтарына негізделген тәрбие жұмысының жылдық жоспары

### ҚЫРКҮЙЕК – «БІЛІМ» АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;
- 5 қыркүйек- А. Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар;
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл;
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл.

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
<b>Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап</b>				
1	Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені!»	сынып сағаттар шеруі	Сынып жетекшісі	1-қыркүйек, 2023 жыл
2	Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл -татулық тірегі»	сынып сағаттар шеруі	Сынып жетекшісі	7 қыркүйек, 2023 жыл
3	Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау («Жеткіншектің Жеті Жарығы»)»	сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14 қыркүйек, 2023 жыл
4	«Отбасы – бақыт мекені»	сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21 қыркүйек 2023 жыл
5	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл	қошбасшылық сайыс	Сынып жетекшісі	28 қыркүйек 2023 жыл

### ҚАЗАН – «АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- 

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
<b>Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап</b>				
1	Қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай "Қарияға қол ұшын соз", "Ардагерлерді ардақтайық!"	Қайырымдылық акциясы	Сынып жетекшісі	5-Қазан 2023 жыл

2	Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазға алғыс» атты тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шаралар <i>(Өзін-өзі басқару ұйымы.)</i>	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшісі	12-қазан, 2023 жыл
3	25-қазан - Республика күні мерекесіне орай "Қазақстан-туған жерім, туған елім"	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19-Қазан, 2023 жыл
4	Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Сәкен жырдың сарқылмас дариясы» атты сыныптан тыс іс-шара («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекшісі	26-қазан, 2023 жыл

### ҚАРАША – «ПОЭЗИЯ» АЙЫ

«Асық ойыны – үлкен халықтық тәрбие. Біздің ұлтымыздың дәстүрлері мен мәдениетінің бастауы» Б.Момышұлы.

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл;
- Төле бидің 360 жылдығы, 1663-1756;
- Күзгі демалыс.

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
<b>Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап</b>				
1	Ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету жұмысын жетілдіру мақсатында кеңес беру жұмыстары, ата-аналар жиналысы	Ата - аналар жиналысы	Сынып жетекшісі	09.11. 2023 жыл
2	Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай: -«Жалынды ақын Махамбет» атты сынып сағаттары; - Гариhi жерлерге саяхат жасау; - Патриоттық өлең оқу шеруі	Сынып сағаты Патриоттық өлең оқу шеруі	Сынып жетекшісі	16-қараша, 2023 жыл
3	15 қараша – Валюта күніне орай «Генге – мемлекет келбеті» тақырыбында сынып сағаты	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23- қараша 2023 жыл
4	Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына – 360 жылдығына арналған «Туралықты туғыр еткен Төле би», «Төле би - тура би. сөз сардары» -адалдық сағаттары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30- қараша, 2023 жыл



ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан - Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
<b>Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талан</b>				
1	«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	7-желтоқсан 2023 жыл
2	-ҚР Тәуелсіздік күніне орай - "Тәуелсіздік таны мәңгілік", «Ұлттық рух – мәңгілік ел болудың өзегі»	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекшісі	14- желтоқсан 2023 жыл
3	«Женісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» <i>үздік спортшылары анықтау.</i>	Спорттық жарыс	Сынып жетекшісі	21-желтоқсан, 2023 жыл
4	«Еңбек бәрін де жеңбек» сынып сағаты	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	28-желтоқсан, 2023 жыл

КАНТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
<b>Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талан</b>				
1	«Отбасындағы ортақ тіл»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11-қаңтар 2024 жыл
2	«Ғаламтор мен әлеуметтік желілер: зияны немесе пайдасы» тәрбие сағаттары	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшісі	18- қаңтар 2024 жыл
3	Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығына орай «Жыр Күлдері» атты дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	Сынып жетекшісі	25-қаңтар 2024 жыл

АКПАН – « ОҚУҒА ҚУШТАРЛЫҚ» АЙЫ

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
<b>Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талан</b>				
1	«Мейірімділік - асыл қасиет» атты қайырымдылық тәрбие	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшісі	1-ақпан

	сағаттары				2024 жыл
2	Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай «Алаштың бір туар азаматы», «Алаш зиялылары және ұлт тілі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі		8-ақпан 2024 жыл
3	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі		15-ақпан 2024 жыл
4	«Ар ұят және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаттары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі		22-ақпан 2024 жыл
5	«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» тақырыбында сынып сағаттары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі		29-ақпан, 2024 жыл

### НАУРЫЗ – «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРШТЕУ» АЙЫ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
<b>Құндылықтар: Ұлттық мүлте (Отан), Ар-ұят, Талап</b>				
1	-1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған «Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» -«Мейірімді сөздер» километрі алғыс айту шеруі;	сынып сағаты, алғыс айту шеруі	Сынып жетекшісі	7-наурыз 2024 жыл
2	8 наурыз – Халықаралық аналар күніне арналған мерекелік іс-шаралар апталығы: -«Ана, бәрі бір өзіңнен басталады»	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекшісі	14-наурыз, 2024 жыл
3	22- наурыз –Ұлыстың ұлы мерекесіне орай - «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»	бейнепрезентация	Сынып жетекшісі	

### СӘУІР – «ЭКОЛОГИЯ.ЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» АЙЫ

- 12 сәуір - Ғылым күні
- Ақын, жазушы, философ, композитор Шәкәрім Күсайыпұрдың туғанына 165 жыл

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
---	------------	---------------	---------	------------------

**Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап**

№	Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл «Жалынды жастар көктемі»	Тәрбие сағаты жастар экологиялық акция	Сынып жетекшісі	4-сәуір 2024 жыл 11-сәуір 2024 жыл 18-сәуір 2024 жыл 25-сәуір 2024 жыл
1	«Достық – көмекпен мықты»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
2	«Жігіт сұлтаны -2024» байқауы	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

**МАМЫР – «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ» АЙЫ**

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірігігі күні
  - 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
  - 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні.

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
---	------------	---------------	---------	------------------

**Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап**

1	7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды ердің ұрпағы қайсар»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	2-мамыр 2024 жыл 9-мамыр 2024 жыл
2	9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай «Ұлы жеңіс жасасын!».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16- мамыр 2024 жыл
3	«Мен таңдаған мамандық» атты дәріс, «Мен қолбасшымын» «Енбегі адал жас өрен» жобасы. Еріктілермен жұмыс	Дәріс, сайыс	Сынып жетекшісі	23-мамыр 2024 жыл
3	25 мамыр – Соңғы қонырау салтанатты мерекелік іс-шарасы	Сынып сағаты, іс-шаралар	Сынып жетекшісі	25-мамыр 2024 жыл